

Аршалы және Жақсы аудандарының кейбір ауылдарын қысқарту туралы

Ақмола облыстық мәслихаты мен Ақмола облысы әкімшілігінің 2004 жылғы 10 желтоқсандағы N 3С-9-14 бірлескен шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 18 қаңтарда N 2996 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 3, 8, 11 баптарына сәйкес, Аршалы және Жақсы аудандарының әкімдігі мен мәслихатының бірлескен қолдаухаттары негізінде, облыстың әкімшілік - аумақтық құрылысын жетілдіру мақсатында облыстық мәслихат және облыс әкімдігі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Тұрғындардың көшіп кетулеріне байланысты Аршалы және Жақсы аудандарының келесі ауылдары қысқартылсын және есептік деректерден шығарылып т а с т а л с ы н :

- 1) Аршалы ауданындағы Константинов ауылдық округінің Сейтен ауылы;
- 2) Жақсы ауданындағы Есіл ауылдық округінің Қарашаш, Талдыкора, Еркіндік а у ы л д а р ы ;
- 3) Жақсы ауданындағы Қайрақты ауылдық округінің Набережное ауылы;
- 4) Жақсы ауданындағы Терісаққан селолық округінің Балталы, Байжігіт ауылдары.

2. Шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді.

Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы
Облыстық мәслихаттың хатшысы

Облыс әкімі